

Майоровка ауылы көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Майоровка селосының әкімінің 2008 жылғы 20 мамырдағы N 1 шешімі. Қарағанды облысы Нұра ауданы әділет басқармасында 2008 жылғы 03 маусымда N 8-14-76 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысын басшылыққа ала отырып, Майоровка ауылының Октябрьская, К. Маркса, Ленина, Энгельса, Кирова және Советская көшелерінің тұрғындарының өтінішін қарап:

1. Майоровка ауылының келесі көшелерінің атаулары өзгертілсін:

- 1) Октябрьская көшесі Абай көшесіне;
- 2) К. Маркса көшесі Шоқан Уәлиханов көшесіне;
- 3) Ленина көшесі Майоровка көшесіне;
- 4) Энгельса көшесі Сәкен Сейфуллин көшесіне;
- 5) Кирова көшесі Қайып Айнабеков көшесіне;
- 6) Советская көшесі Абдолла Асылбеков көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылауын өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

Т. Оспанов